

"Интегралдық микросхемалар топологияларын тіркеу" және "Тауар белгілері, тауар шығарылған жерлердің атаулары мемлекеттік тізілімдерінен үзінді көшірмесін ұсыну" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарттарын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2017 жылғы 3 шілдедегі № 857 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2017 жылғы 29 тамызда № 15587 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2018 жылғы 11 қазандағы № 1481 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Әділет министрінің 11.10.2018 № 1481 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Мыналар:

1) осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес "Интегралдық микросхемалар топологияларын тіркеу" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты;

2) осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес "Тауар белгілері, тауар шығарылған жерлердің атаулары мемлекеттік тізілімдерінен үзінді көшірмесін ұсыну" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Зияткерлік меншік құқығы департаменті:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оны Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде орналастыру үшін "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің ресми интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Әділет министрінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Әділет министрі

М. Бекетаев

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрі
_____ Т. Сүлейменов

2017 жылғы " ____ " _____

Қазақстан Республикасы
Әділет министрінің
2017 жылғы 3 шілдедегі
№ 857 бұйрығына
1-қосымша

"Интегралдық микросхемалар топологияларын тіркеу" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты

1-тарау. Жалпы ережелер

1. "Интегралдық микросхемалар топологияларын тіркеу" мемлекеттік көрсетілетін қызметі (бұдан әрі – Мемлекеттік көрсетілетін қызмет).

2. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын (бұдан әрі – Стандарт) Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі әзірлеген.

3. Мемлекеттік көрсетілетін қызметті Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі (бұдан әрі – Көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

Өтінішті қабылдау және мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижесін беру көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі арқылы жүзеге асырылады.

2-тарау. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі

4. Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі:

1) құжаттар топтамасын тапсырған кезден бастап – 2 (екі) ай ішінде;

Егер өтінімді қарау процесінде өтініш, заңнамада көзделген талаптардың бұзылуымен ресімделгені анықталса, өтініш берушіге анықталған кемшіліктер көрсетіле отырып сұрау жіберілген күннен 3 (үш) ай ішінде жоқ немесе түзетілген құжаттарды ұсыну туралы сұрау салынады;

2) құжаттар топтамасын тапсыру үшін рұқсат берілетін ең ұзақ күту уақыты – 10 (он) минут;

3) рұқсат берілетін ең ұзақ қызмет көрсету уақыты – 10 (он) минут.

Көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартында көзделген тізбеге сәйкес құжаттардың топтамасын толық ұсынбаған және (

немесе) қолданылу мерзімі өтіп кеткен құжаттарды ұсынған жағдайларда, көрсетілетін қызметті беруші өтінішті қабылдаудан бас тартады.

5. Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны: қағаз жүзінде.

6. Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі – интегралдық микросхемалар топологияларын тіркеу туралы куәлік не осы мемлекеттік қызмет көрсету стандартының 10-тармағында көзделген жағдайларда және негіздер бойынша мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап.

Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін ұсыну нысаны: қағаз түрінде.

7. Мемлекеттік қызмет жеке және заңды тұлғаларға тегін көрсетіледі (бұдан әрі – Көрсетілетін қызметті алушы).

8. Көрсетілетін қызметті берушінің жұмыс кестесі: Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда, сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі асқа үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін.

Өтініштерді қабылдау және мемлекеттік көрсетелетін қызмет нәтижесін беру сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі асқа үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін жүзеге асырылады.

Мемлекеттік көрсетелетін қызмет алдын ала жазылусыз және жеделдетіп қызмет көрсетусіз кезек тәртібімен көрсетіледі.

9. Көрсетілетін қызметті алушы (не сенімхат бойынша оның өкілі) жүгінген кезде мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті құжаттардың тізбесі:

1) Топологияны тіркеуге өтініш осы Стандарттың 1-қосымшасында келтірілген КТ нысаны бойынша мемлекеттік және орыс тілдерінде ұсынылады.

Егер топологияның бірнеше авторлары болса, олар туралы мәліметтер осы Стандарттың 2-қосымшасында келтірілген нысан бойынша өтінішке толықтыру(лар) ретінде ұсынылады.

Оған қоса, өтініште тіркеуді сұраған автор мен тұлғалардың аты, сондай-ақ олардың тұрғылықты жері немесе орналасқан жері, егер топология бұрын пайдаланылса, ол алғаш пайдаланылған күні көрсетіледі;

2) Топологияны тіркеуге өтініш үш данада, рефератты және олардың мемлекеттік немесе орыс тіліне аудармасын қоса алғанда, топологияны сәйкестендіретін материалдар екі данада ұсынылады. Өтінімнің басқа құжаттары бір данада ұсынылады.

Егер өтінімнің басқа құжаттары басқа тілде ұсынылса, өтінімге олардың мемлекеттік немесе орыс тіліндегі аудармасы қоса тіркеледі. Аударма өтініммен бір мезгілде немесе басқа тілдегі құжаттарды қамтитын өтінімнің уәкілетті органға келіп түскен күнінен бастап екі айдан кешіктірілмей ұсынылуы тиіс.

Уәкілетті органға келіп түскен күнге дейін коммерциялық мақсаттарда пайдаланылған топологияны тіркеуге берілген өтінімде, осы топологияның

коммерциялық мақсаттарда бірінші пайдаланған күнін растайтын құжат қосымша қамтылуы тиіс.

10. Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту үшін негіздер:

1) көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін ұсынған құжаттардың және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) анық еместігін анықтау;

2) көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті ұсынылған материалдардың, деректердің және мәліметтердің Қазақстан Республикасы Әділет министрі міндетін атқарушының 2010 жылғы 23 сәуілдегі № 136 бұйрығымен бекітілген Интегралдық микросхема топологиясын тіркеуге өтінім жасау, рәсімдеу, тіркеу және куәлік беру ережесінде белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі (Нормативтік құқықтық актілердің тізілімінде № 6234 тіркелген).

3-тарау. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің шешімдеріне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі

11. Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер сұрақтары бойынша қызмет берушінің және (немесе) оның лауазымды тұлғаларының шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздіктеріне) шағымдану: шағым осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 13-тармағында көрсетілген мекенжайлар бойынша қызмет берушінің басшысының атына беріледі.

Шағым почта арқылы жазбаша нысанда не көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі арқылы қолма-қол қабылданады.

Қажетті жағдайларда көрсетілетін қызметті алушы шағымға көрсетілетін қызметті берушінің мемлекеттік қызметті сапасыз көрсеткенін растайтын құжаттарды қоса береді.

Көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесінде шағымды қабылдап алған адамның тегі мен аты-жөні, берілген шағымға жауап алудың мерзімі мен орны көрсетіле отырып, шағымды тіркеу (мөртабан, кіріс нөмірі және күні) оның қабылданғанын растау болып табылады.

Көрсетілетін қызметті алушының көрсетілетін қызметті берушінің немесе Министрліктің атына келіп түскен шағымды тіркелген күнінен бастап бес жұмыс күні ішінде қаралуға жатады. Шағымды қараудың нәтижелері туралы дәлелді жауап почта байланысы арқылы көрсетілетін қызметті алушыға жіберіледі не көрсетілетін қызметті берушінің немесе Министрліктің кеңсесінде қолма-қол беріледі.

Көрсетілетін қызметті берушінің әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі туралы ақпаратты бірыңғай байланыс-орталығының 1414 телефоны бойынша алуға болады.

Көрсетілетін қызметті алушы көрсетілген мемлекеттік қызметтің нәтижелерімен келіспеген жағдайда мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға шағыммен жүгіне алады.

Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен шағымы тіркелген күнінен бастап он бес жұмыс күні ішінде қаралады.

12. Көрсетілген мемлекеттік қызметтің нәтижелерімен келіспеген жағдайларда көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сотқа жүгінеді.

4-тарау. Мемлекеттік қызмет көрсетудің ерекшеліктерін ескере отырып қойылатын өзге де талаптар

13. Мемлекеттік қызмет көрсету орындарының мекенжайлары көрсетілетін қызметті берушінің [www. adilet.gov.kz](http://www.adilet.gov.kz) интернет-ресурсында "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер" бөлімінде орналастырылған.

14. Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша бірыңғай байланыс-орталығы арқылы қашықтықтан қол жеткізу режимінде алу мүмкіндігі бар.

15. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет сұрақтары бойынша анықтама қызметтерінің байланыс телефондары қызмет берушінің интернет-ресурсында көрсетілген.

Бірыңғай байланыс орталығы: 1414 және 8 800 080 7777.

"Интегралдық микросхемалар
топологияларын тіркеу"
мемлекеттік көрсетілетін
қызмет стандартына
I-қосымша
КТ нысаны

Кіріс № _____

тіркеу № _____

Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі

ИНТЕГРАЛДЫҚ МИКРОСХЕМА ТОПОЛОГИЯСЫН ТІРКЕУГЕ ӨТІНІШ

ДСМУ ST.3 стандарты бойынша елдің коды

(егер ол белгіленсе)

1. ӨТІНІШ БЕРУШІ(ЛЕР)

(өтініш берушінің(лердің) және оның(олардың) жүрген жерінің немесе тұрғылықты

жерінің толық аты немесе атауы. Өтініш беруші авторлардың тұрғылықты жері туралы дерек

9-бағанда келтірілді)

2. ОСЫ ТОПОЛОГИЯҒА ҚҰҚЫҚ ТУЫНДАУДЫҢ НЕГІЗДЕРІ (егер автор өтініш

беруші болып табылмаса, толтырылады) (X-пен белгілеу)

өтініш беруші автордың

автордың немесе оның жұмыс берушісі болып құқықтық мұрагерінің табылады өзге тұлғаға беруі

жұмыс берушінің құқықтарды

мұрагерлік құқығы басқа тұлғаға беруі

3. ОСЫ ТОПОЛОГИЯҒА ЕҢ ЖАҚЫН ҰҚСАСТЫҚ ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТ

4. ТОПОЛОГИЯНЫҢ АТАУЫ

толық: _____

қысқартылған: _____

5. БАЛАМАЛЫ АТАУ _____

6. ТОПОЛОГИЯНЫҢ БІРІНШІ ҚОЛДАНЫЛҒАН КҮНІ ЖӘНЕ ЖЕРІ

_____ күні _____ айы _____ жылы _____ елі

7. ТОПОЛОГИЯНЫҢ БІРІНШІ ҚОЛДАНЫЛҒАН КҮНІНІҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ ИЕЛЕНУШІСІ ТУРАЛЫ ДЕРЕК

Аты/атауы _____

Азаматтығы _____

Мекен-жайы, телефоны _____

8. ҚОРҒАЛАТЫН ТОПОЛОГИЯЛАР ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТ

(осы топологияны жасаған кезде қолданылған)

9. АВТОРДЫҢ ТЕГІ, АТЫ, ӘКЕСІНІҢ АТЫ (бар болса) (басқа авторлар туралы

мәлімет өтінішке (КТ/ҚОС нысаны) қосымша(лар) түрінде ұсынылады)

Азаматтығы _____

Тұрғылықты жерінің мекен-жайы, телефоны _____

Осы топологияны жасау кезіндегі автордың шығармашылық үлесінің қысқаша

сипаттамасы _____

10. ӨТІНІМДЕ МАЗМҰНДАЛҒАН ҚҰЖАТТАР ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТ (X-пен белгілеу) осы топологияны сәйкестендіретін материалдар:

осы топологияны ол 2 данада пайдаланылған түрінде қамтитын интегралдық микросхемалардың үлгілері,

2 данадағы ерекшелендірілгендерін қоса алғанда, осы топологияның әрбір қабатын

бейнелейтін визуальды қабылданатын материалдардың келесі түрлерінің бірінің толық

жиынтығы,

_____ парақты құрама топологиялық сызба немесе қабатты топологиялық сызба,

интегралдық микросхемада _____ данада тіркелген топологияның әрбір кабатының фотосуреті,

2 данада 1 парақ реферат,

топологияның бірінші қолданылған күні мен орнын растайтын, 2 данадағы _____

—

1 парақ құжаттың көшірмесі.

ақы төленгені туралы құжат мыналар үшін негіздің бар екендігін растайтын құжат:

ақы төленгені туралы құжат

ақы төлеуден босату _____ парақта _____ парақта

ақы төлеудің мөлшерін азайту _____ парақта

өтінішке қосымша (КТ/ҚОС _____ парақта)

сенімхат(тар) 1 парақта

11. ХАТ ЖАЗЫСУ ҮШІН МЕКЕН-ЖАЙ: (толық почталық индексті, мекен-жай иесінің атын

немесе атауын қоса алғанда, толық почталық мекен-жай)

Телефон нөмірі қалааралық кодты қоса алғанда Телекс Факс

(өтініш берушінің(лердің) немесе оның (олардың) өкілінің

қолы(дары); қол қойылған күн)

"Интегралдық микросхемалар
топологияларын тіркеу"
мемлекеттік көрсетілетін
қызмет стандартына
2-қосымша
КТ нысаны

Кіріс № _____

тіркеу № _____

Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі

Интегралдық микросхема топологиясын тіркеу өтінішіне толықтыру

ДСМУ ST.3 стандарты бойынша елдің коды
(егер ол белгіленсе)
ӨТІНІШ БЕРУШІ(ЛЕР) (толық аты немесе атауы)

ТОПОЛОГИЯНЫҢ АТАУЫ (қысқартылған)

өтініштің 9-тармағына толықтыру
АВТОРДЫҢ ТЕГІ, АТЫ, ӘКЕСІНІҢ АТЫ (бар болса)

Азаматтығы, тұрғылықты жерінің мекен-жайы, телефоны

Осы топологияны жасау кезінде автордың шығармашылық үлесінің

қысқаша сипаттамасы

өтініштің 9-тармағына толықтыру
АВТОРДЫҢ ТЕГІ, АТЫ, ӘКЕСІНІҢ АТЫ (бар болса)

Азаматтығы, тұрғылықты жерінің мекен-жайы, телефоны

Осы топологияны жасау кезінде автордың шығармашылық үлесінің

қысқаша сипаттамасы

өтініштің 9-тармағына толықтыру
АВТОРДЫҢ ТЕГІ, АТЫ, ӘКЕСІНІҢ АТЫ (бар болса)

Азаматтығы, тұрғылықты жерінің мекен-жайы, телефоны

Осы топологияны жасау кезінде автордың шығармашылық үлесінің

қысқаша сипаттамасы

өтініштің 9-тармағына толықтыру
АВТОРДЫҢ ТЕГІ, АТЫ, ӘКЕСІНІҢ АТЫ (бар болса)

Азаматтығы, тұрғылықты жерінің мекен-жайы, телефоны

Осы топологияны жасау кезінде автордың шығармашылық үлесінің

қысқаша сипаттамасы

өтініштің 9-тармағына толықтыру
АВТОРДЫҢ ТЕГІ, АТЫ, ӘКЕСІНІҢ АТЫ (бар болса)

Азаматтығы, тұрғылықты жерінің мекен-жайы, телефоны

Осы топологияны жасау кезінде автордың шығармашылық үлесінің

қысқаша сипаттамасы

ӨТІНІШТІҢ _____ ТАРМАҒЫНА ТОЛЫҚТЫРУ

ӨТІНІШТІҢ _____ ТАРМАҒЫНА ТОЛЫҚТЫРУ

өтініш берушінің (лердің) немесе оның (олардың) өкілінің
қолы(дары); қол қойылған күн)

Қазақстан Республикасы
Әділет министрінің
2017 жылғы 3 шілдедегі
№ 857 бұйрығына
2-қосымша

"Тауар белгілері, тауар шығарылған жерлердің атаулары мемлекеттік тізілімдерінен үзінді көшірмесін ұсыну" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты

1-тарау. Жалпы ережелер

1. "Тауар белгілері, тауар шығарылған жерлердің атаулары мемлекеттік тізілімдерінен үзінді көшірмесін ұсыну" мемлекеттік көрсетілетін қызметі (бұдан әрі – Мемлекеттік көрсетілетін қызмет).

2. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын (бұдан әрі – Стандарт) Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі әзірлеген.

3. Мемлекеттік көрсетілетін қызметті Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Ұлттық зияткерлік меншік институты" республикалық мемлекеттік кәсіпорны (бұдан әрі – Көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

Өтінішті қабылдау және мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижесін беру көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі арқылы жүзеге асырылады.

2-тарау. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі

4. Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі:

1) құжаттар топтамасын тапсырған кезден бастап – 15 (он бес) күнтізбелік күн ішінде;

2) құжаттар топтамасын тапсыру үшін рұқсат берілетін ең ұзақ күту уақыты – 30 (отыз) минут;

3) рұқсат берілетін ең ұзақ қызмет көрсету уақыты – 30 (отыз) минут.

Көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартында көзделген тізбеге сәйкес құжаттардың топтамасын толық ұсынбаған және (немесе) қолданылу мерзімі өтіп кеткен құжаттарды ұсынған жағдайларда, көрсетілетін қызметті беруші өтінішті қабылдаудан бас тартады.

5. Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны: қағаз жүзінде.

6. Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі – үзінді көшірмесін беру.

Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін ұсыну нысаны: қағаз түрінде.

7. Мемлекеттік қызмет жеке және заңды тұлғаларға ақылы негізде көрсетіледі (бұдан әрі – Көрсетілетін қызметті алушы).

"Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Ұлттық зияткерлік меншік институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны іске асыратын жұмыстар және қызметтерге бағаларды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2014 жылғы 18 желтоқсандағы № 368 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10045 болып тіркелген) сәйкес белгіленген мөлшерде үзіндіні беру үшін төлемдер алынады.

Мемлекеттік баж және сараптама ұйымының қызметіне төлеу үшін қажетті банк деректемелері осы стандартының 1-қосымшасында көрсетілген.

8. Көрсетілетін қызметті берушінің жұмыс кестесі: Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда, сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі асқа үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін.

Мемлекеттік көрсетілетін қызмет алдын ала жазылусыз және жеделдетіп қызмет көрсетусіз кезек тәртібімен көрсетіледі.

9. Жүгінген кезде мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті құжаттардың тізбесі:

1) Қазақстан Республикасы тауар белгілері, (тауар шығарылған жерлердің атаулары) мемлекеттік тізілімдерінен үзінді көшірмесін ұсыну өтінішхат осы Стандарттың 2-қосымшасындағы нысанға сәйкес;

2) көрсетілетін қызметті берушінің қызметіне төленгенін растайтын құжат.

10. Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту үшін негіздер:

1) көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін ұсынған құжаттардың және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) анық еместігін анықтау;

3-тарау. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің шешімдеріне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі

11. Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер сұрақтары бойынша қызмет берушінің және (немесе) оның лауазымды тұлғаларының шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздіктеріне) шағымдану: шағым осы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандартының 12-тармағында көрсетілген мекенжайлар бойынша қызмет берушінің басшысының атына беріледі.

Шағым почта арқылы жазбаша нысанда не көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі арқылы қолма-қол қабылданады.

Қажетті жағдайларда көрсетілетін қызметті алушы шағымға көрсетілетін қызметті берушінің мемлекеттік қызметті сапасыз көрсеткенін растайтын құжаттарды қоса береді.

Көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесінде шағымды қабылдап алған адамның тегі мен аты-жөні, берілген шағымға жауап алудың мерзімі мен орны көрсетіле отырып, шағымды тіркеу (мөртабан, кіріс нөмірі және күні) оның қабылданғанын растау болып табылады.

Көрсетілетін қызметті берушінің әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі туралы ақпаратты бірыңғай байланыс-орталығының 1414 телефоны бойынша алуға болады.

Көрсетілетін қызметті алушының көрсетілетін қызметті берушінің немесе Министрліктің атына келіп түскен шағымды тіркелген күнінен бастап бес жұмыс күні ішінде қаралуға жатады. Шағымды қараудың нәтижелері туралы дәлелді жауап почта байланысы арқылы көрсетілетін қызметті алушыға жіберіледі не көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесінде қолма-қол беріледі.

Көрсетілетін қызметті алушы көрсетілген мемлекеттік қызметтің нәтижелерімен келіспеген жағдайда мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға шағыммен жүгіне алады.

Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен шағымы тіркелген күнінен бастап он бес жұмыс күні ішінде қаралады.

12. Көрсетілген мемлекеттік қызметтің нәтижелерімен келіспеген жағдайларда көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сотқа жүгінеді.

4-тарау. Мемлекеттік қызмет көрсетудің ерекшеліктерін ескере отырып қойылатын өзге де талаптар

13. Мемлекеттік қызмет көрсету орындарының мекенжайлары www.adilet.gov.kz, www.kazpatent.kz интернет-ресурсында "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер" бөлімінде орналастырылған.

14. Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша бірыңғай байланыс-орталығы арқылы қашықтықтан қол жеткізу режимінде алу мүмкіндігі бар.

15. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет сұрақтары бойынша анықтама қызметтерінің байланыс телефондары: 8 (7172) 74 96 60. Бірыңғай байланыс орталығы: 1414, 8 800 080 7777.

"Тауар белгілері, тауар шығарылған жерлердің атаулары мемлекеттік тізілімдерінен үзінді көшірмесін ұсыну" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына
1-қосымша

Сараптама ұйымының көрсетілетін қызметін төлеуге қажетті банк деректемелері

Қабылдаушы:	Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Ұлттық зияткерлік меншік институты" РМҚ	
Мекенжайы	010000, Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, Есіл ауданы, Мәңгілік ел даңғылы 8, № 1, № 2 кіреберіс	
БСН:	020940003199	
КБЕ:	16	
КНП:	859	
Банктің атауы	ЖСК	БСК
"Нұрбанк" АҚ	KZ8584905KZ006015415	NURSKZKX
"Казкоммерцбанк" АҚ	KZ489261501148407000	KZKOKZKX
"Қазақстан Халық Банкі" АҚ	KZ386010111000288323	HSBKKZKX
"Цеснабанк" АҚ	KZ98998ВТВ0000358095	TSESKZKA

"АТФБанк" АҚ	KZ87826Z0KZTD2008449	ALMNKZKA
"Сбербанк" АҚ ЕБ	KZ14914012203KZ0047J	SABRKZKA
"ForteBank" АҚ Астана қаласындағы филиалы	KZ1096503F0007611692	IRTYKZKA

"Тауар белгілері, тауар шығарылған жерлердің атаулары мемлекеттік тізілімдерінен үзінді көшірмесін ұсыну" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына
2-қосымша

Қазақстан Республикасы
Әділет министрлігінің
"Ұлттық зияткерлік меншік институты" ШЖҚ РМК
010000, Қазақстан
Республикасы, Астана қаласы,
Есиль ауданы, Мәңгілік ел
даңғылы 8, № 1, № 2 кіреберіс

Қазақстан Республикасы тауар белгілері, (тауар шығарылған жерлердің атаулары) мемлекеттік тізілімдерінен үзінді көшірмесін ұсыну туралы өтінішхат

"Тауар таңбалары, қызмет көрсету таңбалары және тауар шығарылған жерлердің атаулары туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 14-бабы, 2-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасы тауар белгілері, (Қазақстан Республикасы тауар шығарылған жерлердің мемлекеттік атаулары) мемлекеттік тізілімдерінен № ____ тіркелген үзінді көшірмесін беруді сұраймын.

"Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Ұлттық зияткерлік меншік институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны іске асыратын жұмыстар және қызметтерге бағаларды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2014 жылғы 18 желтоқсандағы № 368 бұйрығына сәйкес белгіленген мөлшерде үзіндіні беру үшін төлемдер алынады (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10045 болып тіркелген).

Төленгенін растайтын құжатқа қосымша:

Төлеу құжаты ____ парақ.

Кімнен _____

(Ұйымның атауы, (бар болса) ТАӘ, қолы)

Мекенжайы _____

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК